

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Ана – өмір, ана – көктем, ана – гүл!»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Ана – өмір, ана – көктем, ана – гүл!» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: адамгершілік құндылықтарды, анаға деген саналы құрмет пен махаббат сезімін қалыптастыру, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Міндеттері:

білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
оқушылармен өткізілетін дәстүрлі мектеп іс-шараларында жаңа формалар мен әдістерді қолдану, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың сапасын арттыру;
шығармашыл қызмет ететін педагогтерді анықтау және оларға өзін өзі танытуға жағдай жасау, балалардың белсенді демалысын ұйымдастыру саласындағы педагогтердің озық жұмыс тәжірибесін тарату.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2018 жылғы 15 қаңтар – 2018 жылғы 7 наурыз аралығында** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі. Байқау жұмыстары **2018 жылғы 26 ақпанға дейін** қабылданады. **2018 жылғы 26 ақпаннан** кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқауға қатысу үшін rumcdo-ana@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінім:

Қатысушының аты-жөні	Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл	Білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)
----------------------	------------------	---------------------------	---------------------------	---	-----------------------	--

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

2) сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 249 306 («Ана – өмір, ана – көктем, ана – гүл!» байқауы).

8. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент 19).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Ана – өмір, ана – көктем, ана – гүл!» байқауы.

10. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2018 жылғы 7 наурызда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ 4-17 жас аралығындағы білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

1) 4-6 жас;

2) 7-10 жас;

3) 11-14 жас;

4) 15-17 жас.

12. **Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі.**

Педагогтерге арналған: «**Арулар – асыл жандар!**» - Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекенің үздік сценарийі;

Білім алушыларға арналған:

1) «**Менің керемет анам!**» - бейнероликтер байқауы;

2) «**Асығамын анамды құттықтауға!**» - ашық хат байқауы;

3) «**Біз анам екеуіміз...**» - презентациялар байқауы.

13. Келесі талаптарға сәйкес келетін байқау жұмыстары қабылданады:

«**Арулар – асыл жандар!**» номинациясына Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шараның сценарийі қабылданады. Материалдар авторлық, қызықты, дұрыс ресімделуі қажет. Мәтіннің көлемі кемінде 2 баспа бет. Қаріпі - Times New Roman 14, жоларалық интервал - бірыңғай. Материалды ресімдеу кезінде фотосуреттерді, суреттерді, сызбаларды қолдануға рұқсат беріледі.

Бағалау өлшемшарттары:

жұмыс мазмұнының байқау тақырыбына сәйкестігі;

материалдың, мақсаттың, идеяның ерекшелігі;

тақырыпты ашуға деген ерекше тәсілі;

білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі.

«**Менің керемет анам!**» номинациясына бейнероликтер, бейне құттықтаулар, бейне сұхбат және т.б. қабылданады. Бейнероликтер AV, mp4 форматында, ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек.

«**Асығамын анамды құттықтауға!**» номинациясына түрлі техникамен салынған, А 5 форматындағы өз қолымен жасалған ашықхаттардың фото суреттері қабылданады. Суреттерді ашық және түрлендіре түсетін жабыстырғыштарды, аппликацияларды, пайеткаларды, әшекей тастарды, жылтырақтарды және басқа қолда бар заттарды қолдануға болады.

«**Біз анам екеуіміз...**» (аспазшымыз, спортшымыз, ...) номинациясы бойынша байқау жұмысы Microsoft Office PowerPoint (кез келген нұсқасы) форматында орындалуы қажет, кадрлар арасында әсерлі ауысулары бар 20 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентация дикторлық мәтін немесе музыкамен сүйемелденуі мүмкін.

Бағалау өлшемшарттары:

байқау тақырыбына сәйкестігі;

жасына сәйкестігі;

сюжеттің және авторлық позицияның ерекшелігі;

автордың қиялы мен шығармашылық тәсілінің тереңдігі;

байқау жұмысының сауаттылығы және эстетикалық ресімделуі.

14. Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

15. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

16. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <https://www.ziyatker.org/respublik-distan-internet-konkurs> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Ана – өмір, ана – көктем, ана – гүл!» байқауы).